- Құрылғыны өте жоғары/төмен температураның (0 °C-ден +35 °C дейін рұқсат етіледі), шаң-тозаңның, ылғалдың, тікелей күн сәулесінің әсеріне, сондай-ақ қатты электрмагниттік сәулеленудің әсеріне ұшыратпаңыз.
- Сұйықтықтың құрылғыға түсуін болдырмаңыз. Оны құрылғының суға түсу тәуекелі бар жерлерде қолданбаңыз (мысалы: бассейн, су қоймасы, ванна және т. с.).
- Нұсқаулықта келтірілген интерфейс элементтерінің бейнелері таныстыру сипатына ие және нақты бейнелерден өзгеше болуы мүмкін.
- Өндіруші құрылғының бөгде әзірлеушілердің кез-келген қосымшаларымен толық үйлесімділігіне және осы қосымшалардың дұрыс жұмыс істеуіне кепілдік бермейді.
- Құрылғының биіктіктен құлауын және қатты сырт бетіне соққыларды болдырмаңыз.
- Тым жоғары дыбыс қаттылығы кезінде құлаққаптарды ұзақ пайдалану есту қабілетінің жоғалуына алып келуі мүмкін.
- Батарея екі-үш толық қуаттау және қуатсыздандыру циклынан кейін максималды жұмысқа қабілеттілігіне жететінін есте сақтаңыз.
- Деректердің жоғалуын болдырмау үшін Сіздің файлдарыңыздың резервтік көшірмелерін жасау ұсынылады. Кез-келген деректердің жоғалуына өндіруші және сатушы жауап бермейді.
- Тек өндіруші рұқсат берген қуаттау құрылғыларын және керек-жарақтарды пайдаланыңыз. Өзге керек-жарақтарды пайдалану кепілдікті беру шарттарын бұзады және қауіпті болуы мүмкін.
- Балалардың құрылғыны қолдануы ересектердің бақылауында болу керек.
- Өндіруші тұтынушыға алдын ала хабарламай, құрылғының сипаттамаларына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады. Біқтимал ыңғайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз.
- Құрылғының корпусын тазалау үшін жұмсақ мақта матаны пайдаланыңыз. Химиялық заттарды пайдаланбаңыз, олар құрылғыны зақымдауы мүмкін.
- Құрылғының корпусын ашпаңыз. Құрылғыда тұрмыстық жағдайда жөндеуге болатын бөлшектер жоқ. Білікті маманның қызметтерін пайдаланыңыз.
- Құрылғы коммерциялық мақсаттарда пайдалануға арналмаған.
- Құрылғы балалардың және, олардың қауіпсіздігі үшін жауапты болатын басқа тұлғалар бақылауды жүзеге асырайтын жағдайларды қоспағанда, физикалық, сенсорлы немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі тұлғалардың пайдалануына арналмаған. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеңіз.




## Аккумуляторлық батареямен (Li-pol/Li-ion) жұмыс істеу бойынша ұсыныстар

Құрметті пайдаланушы, осы құрылғы өзінің құрамында қуат көзі ретінде құйма негізіндегі аккумуляторды қолданатынына Сіздің назарыңызды аударамыз. Төменде көрсетілген ақпаратпен мұқият танысуды өтінеміз, ол Сізге аккумулятордың қызмет ету мерзімін ұзартуға және оны пайдалану кезінде жағымсыз салдарды болдырмауға көмектеседі.

### АКБ табиғи тозуы



Құрылғыны ұзақ уақыт пайдаланған және сақтаған кезде аккумулятор (бұдан әрі мәтін бойынша — «АКБ») қуатын және сыйымдылығын жоғалтады. Құрылғыны пайдалану кезеңінде қуаттау–қуатсыздандудың 300 циклынан кейін (құрылғыны шамамен бір жыл пайдаланған кезде) АКБ сыйымдылығы номиналды сыйымдылықтан 80 % дейін төмендеуі мүмкін деп күтуге болады. 400 қуаттау–қуатсыздану циклынан кейін АКБ сыйымдылығы номиналды сыйымдылықтың 60 % дейін төмендеуі мүмкін. Көрсетілген шектер мен уақыт кезеңдеріндегі сыйымдылықтың ішінара төмендеуі — бұл ақау болып табылмайтын, АКБ табиғи тозуы.



### Аккумулятордың сыйымдылығы және қуаттау–қуатсыздану циклдарының саны

Құрылғыдан бөлек сақталған кезде де АКБ қуатын жоғалтады. Өздігінен қуатсыздану айына шамамен 5 % құрайды. АКБ өз құрылымына қарай қысқа мерзімді және пайдаланылғанына немесе пайдаланылмағанына қарамастан үнемі нашарлайды. Бұл деградация температура неғұрлым жоғары болса және қуат шамасы неғұрлым «оңтайлы» шамадан алшақ болса (сақтау тұрғысынан), соғұрлым қарқынды болады, ол 40 % тең деп қабылданады. Басқаша айтқанда, егер АКБ пайдаланылмаса, оның қуатын 40–50 % деңгейінде ұстаған жөн.

## Тек қана түпнұсқалық қуаттау құрылғысын қолданыңыз

Аккумуляторлық батареяның қуаттану-қуатсыздану қабілеті оған орнатылған контроллермен басқарылады. Қуаттану және қуатсыздану тоқтары шектеулі болғандықтан, түпнұсқалық жиынтыққа кірмейтін сыртқы қуаттау құрылғыларындағы мәжбүрлі «жылдам қуаттау» режимдері қарсы көрсетілген. АКБ-да «жад эффектісі» жоқ. АКБ-ны кез-келген қуат деңгейінен қуатсыздандыруға/қуаттауға болады. Көптеген құрылғыларда қуаттану-қуатсыздану деңгейі бойынша шектеу бар-егер, мысалы, қуат 90 % — дан асып кетсе, контроллер АКБ-ны қуаттауға мүмкіндік бермеуі ықтимал. Сондай-ақ, ол АКБ-ны толығымен қуатсыздандыруға мүмкіндік бермейді, бұл оның элементтерінің істен шығуына жол бермейді («терең қуатсыздану» әсерінен). Егер АКБ 2 апта бойы немесе одан да көп уақыт қуатсызданған күйде болса, онда оның элементтеріндегі сыйымдылықты жоғалтудың қайтымсыз процесі жүреді, нәтижесінде АКБ істен шығады. Егер құрылғының АКБ қуатсызданған және біраз уақыт пайдаланылмаған болса, онда құрылғыны пайдалануды қайта бастар алдында оны шамамен 1–2 сағатқа ҚҚ-на қосулы күйде қалдыру керек.

## Температуралық режимді сақтаңыз

АКБ +15 °С-тан +35 °С-қа дейінгі температурада қуатталған күйінде сақталуы тиіс. АКБ қоршаған ортаның өте жоғары (50 °С-тан жоғары) және өте төмен (-30 °С-тан төмен) температурасында ұзақ пайдалануға жол берілмейді. Құрылғыға тікелей күн сәулелерінің түсуіне жол бермеңіз, сондай-ақ оны жылу көздеріне, мысалы, электр жылытқыштарына тікелей жақын жерде қалдырмаңыз.

## Зақымдану белгілері бар АКБ бөлшектемеңіз, жандырмаңыз пайдаланбаңыз

Ешбір жағдайда АКБ-ны өз бетінше бөлшектеуге және олардың элементтерін қуаттауға болмайды, мұны білікті мамандар жасауы тиіс. Элементтердің тесілуі немесе мыжылуы ішкі қысқа тұйықталуға әкелуі мүмкін, содан кейін өрт пен жарылыс болуы ықтимал. АКБ корпусын саңылаусыздандыру кезінде элементтің ішіне су кіруі немесе атмосфералық ылғал конденсациялануы мүмкін, бұл сутегінің бөлінуі орын алатын реакцияға және тұтануға әкелуі мүмкін. Зақымдалған АКБ адам денсаулығына зиянды заттар бөледі. Егер АКБ штаттық режимде жұмыс істемей қалса, қандай да бір себептермен деформацияланған болса (ісінген, тартылған және т. б.), дереу авторландырылған сервистік орталыққа хабарласу керек.

**Назар аударыңыздар:** АКБ-ның жұмыс істеу уақыты желінің баптауларына (Wi-Fi, 4G, LTE) және көптеген басқа да факторларға (орталық процессорге жүктеме, LCD дисплейдің ашықтығы және т.с.) байланысты; нақты жұмыс істеу уақыты көрсетілген уақытпен сәйкес келмеуі мүмкін. АКБ қуаттаудың шектеулі циклдер саны болуы мүмкін және біраз уақыт өткен соң, ауыстыруды қажет етуі мүмкін (АКБ-на шектеулі кепілдік шарттарын кепілдік талонынан қараңыз). АКБ жұмыс істеу уақыты пайдалану режиміне және баптауларға байланысты.

## Құрылғыны төмен температурада пайдалану туралы ескерту



Құрылғыны пайдалану кезінде оңтайлы температура диапазоны 0 °C-ден +35 °C-қа дейін.

### Біз құрылғыны 0 °C-тан төмен және +35 °C жоғары температурада пайдалануды ұсынбаймыз, себебі:

- дисплейлерде дұрыс түсті көрсету бұзылады, тезәрекеттегі төмендейді, олардың контрастылығы күрт артады — экран «қарайып» кетуі мүмкін;
- белгілі бір температурада сурет «қатып қалады» — құрылғы бұл ретте жұмыс істеп тұрғанына қарамастан, қозғалыссыз болады;
- қыздыру кезінде дисплейлердің көбісіне олардың бұрынғы функциялары оралады, алайда қатты салқындату кезінде дисплейлер істен шығуы мүмкін;
- батареялар төмен температурада пайдалануға арналмаған;
- қатты салқындаған батареясы бар аппарат АКБ-ны қанша уақыт бұрын қуаттағаныңызға қарамастан, өздігінен өшіп қалуы мүмкін;
- құрылғыны бөлме температурасына дейін қыздырып, батареяға жұмысқа қабілеттілігін (кем дегенде ішінара) қайтаруға болады;
- суықта энергияны тұтыну, сансыз қату/жылыту циклдары, АКБ қатты салқындауы — мұның барлығы құрылғының максималды батарея сыйымдылығын төмендетеді.


Құрылғы қатты салқындаған (-20 °C-тан төмен) және құрылғы жылыған кезде ішкі компоненттерде конденсат пайда болуы мүмкін.

Конденсаттың үнемі пайда болуы сұлбалардың металл элементтерінің тотығуына ықпал етеді, бұл құрылғының істен шығуына себеп болуы мүмкін. Салқындаған кезде құрылғының ішкі элементтері, дисплей және корпус қатып қалады, оның салдарынан материалдар өте нәзік және зақымдануға осал болып қалады.

### Қатты салқындаудың салдарын болдырмау үшін:

- **Құрылғыны жыл жерде ұстаңыз.**  
Көшеде болғанда, құрылғыны жылы ішкі қалтада ұстаңыз. Құрылғыны сыртқы қалталарда, сөмкелерде, барсеткаларда және басқа ұқсас жерлерде сақтау қажет емес. Егер құрылғы әйтсе де сөмкеде болса, оны жылытылған қапта сақтаған дұрыс. Құрылғыны төмен температурада қысқа мерзімде пайдалануға рұқсат етіледі.
- **Құрылғыны жылы күйде қуаттаңыз.**  
Қуаттау кезінде литий-ионды батареяларды тек +5 °C-ден +45 °C дейінгі температурада қуаттауға болатынын есте сақтау қажет. Суықтан жылы үй-жайға оралғанда, құрылғыға бөлме температурасына дейін жылуына мүмкіндік беру керек, содан кейін ғана қуаттау құрылғысын қауіпсіз қосуға болады.
- **Температуралық шоктан аулақ болыңыз.**  
Жылы үй-жайға оралып, құрылғыға баяу жылуына уақыт беріңіз. Бұл құрылғыда конденсаттың пайда болуына жол бермейді және оны коррозиядан сақтайды. Жылу көздерінің жанында жылдам қызу экран элементтеріне және құрылғының ішкі сұлбасына зақым келтіруіне, сондай-ақ құрылғының АБК істен шығуына алып келуі мүмкін.

## Құрылғының сұлбасы



1. Фронталды камера.
2. Сөйлеу динамигі.
3. Тыл камерасы.
4. Жарқылы.
5. Құлаққаптарға арналған ағытпа (3,5 мм).
6. SIM-картаға және жад картасына арналған слот.
7. USB Type-C ағытпасы (қуаттау және ДК-ден синхрондау үшін).
8. POWER (қосу/сөнд.) пернесі.
9. Дауыс қаттылығын реттеу пернелері.
10. RESET батырмасы (құрылғыны мәжбүрлі қайта жүктеу. Инемен басу).
11. Микрофон.
12. Динамик.

# Құрылғыны пайдалану

## Қуаттау

Адаптерді құрылғыға, содан кейін электр розеткасына қосыңыз. Толық қуаттау үшін шамамен 4 сағат талап етіледі.

**Маңызды:** *сонымен қатар, Сізге құрылғыны USB-кабелі арқылы қуаттауға болады.*

## Қосу және сөндіру

- Қосу: POWER батырмасын 2 секунд басып тұрыңыз.  
Сөндіру: POWER батырмасын 2 секунд басып тұрыңыз → «Выключить» (Сөндіру) батырмасын басыңыз → «OK» батырмасын басыңыз.
- Ұшу режимін қосу/сөндіру: POWER батырмасын 2 секунд басып тұрыңыз → «Режим полета» (Ұшу режимі) батырмасын басыңыз.
- Ұйқы режимін қосу/сөндіру: POWER батырмасын 1 рет басыңыз.

## Сенсорлық экран

**Басу:** қалайтын объектіде 1 рет басыңыз.

**Саусақпен жүргізу:** саусағыңызды экранға басыңыз және оны кез келген жаққа жүргізіңіз, кейін жіберіңіз.


**Қысу:** саусағыңызды қалайтын объектіде бірнеше секунд ұстап тұрыңыз және ықтимал әрекеттерді көру үшін жіберіңіз.

## Wi-Fi пайдалану

- **Wi-Fi қосу**  
«Настройки» (Баптаулар) → «Сеть и Интернет» (Желі және Интернет) → «Wi-Fi» өтіңіз.  
Функцияны қосыңыз.
- **Wi-Fi желілеріне қосылу**  
Құрылғы жақындағы барлық қолжетімді желілерді автоматты сканерлейді. Құлыптың суреті бар белгіше құпиясөзді енгізуді қажет ететін қорғалған желіні білдіреді.
  - Қалайтын желіге басыңыз → қажет жағдайда құпиясөзді енгізіңіз → «Подключиться» (Қосылу) басыңыз.
  - Алдыңғы мәзірге/қосымшаға өту үшін «Вернуться» (Қайту) немесе үй экранына қайта өту үшін «Домой» (Үйге) батырмасын басыңыз.

## SIM-картасын және microSD жад картасын орнату

SIM-картасын және жад картасын құрылғының ағытпасында көрсетілген бағытта тиісті ағытпаға салыңыз:



1. SIM-карта
2. Жад картасы

### МАҢЫЗДЫ:

1. Деректердің жоғалуын немесе карталардың зақымдануын болдырмау үшін оларды тек құрылғы сөндірілген кезде ғана салу немесе алу қажет;
2. Карталарды жиі салмаңыз немесе алмаңыз, бұл олардың зақымдануына алып келуі мүмкін.

# SD-картасы мен кірістірілген жадты біріктіру


Құрылғының жад сыйымдылығын арттыру үшін Сіз орнатылған SD-картасын кіріктірілген жад картасымен бір логикалық қоймаға біріктіре аласыз. Осы операцияны өткізгеннен кейін құрылғының ішкі жады қолжетімсіз болады. Бұл операцияны SD-картасының жад көлемі құрылғының ішкі жад көлемінен үлкен болған жағдайда ғана жасау ұсынылады.

SD-картасы істен шыққан кезде барлық деректер жоғалатын болады.



**Назар аударыңыздар!** SD-картасындағы барлық деректер жойылатын болады.

## Хабарламалар панелінің көмегімен

1. SD-картасын салыңыз.
2. Хабарламалар панеліне кіру үшін төмен қарай экран бойынша саусақпен жүргізіңіз.
3. «Настроить» (Баптау) басыңыз.




4. «Память телефона» (Телефон жады), кейін «SD-КАРТА: ФОРМАТИРОВАТЬ» (SD-КАРТАСЫ: ФОРМАТТАУ) басыңыз.





## Жүйелік баптаулардың көмегімен

1. Жүйенің баптауларына өтіңіз.
2. «Хранилище» (Қойма) тармағын таңдаңыз.
3. «SD-карта» (SD-картасы) тармағын таңдаңыз.





4. Жоғарғы оң жақ бұрышта мәзірді шақыру батырмасын басыңыз (⋮) және «Настройка хранилища» (Қойманы баптау) тармағын таңдаңыз. Ашылған терезеде «Внутренняя память» (Ішкі жад) тармағын таңдаңыз.







5. Жад картасындағы барлық деректер жойылатыны туралы ақпаратты оқыңыз және онымен танысыңыз. Егер сіз барлық қажетті файлдарды сақтаған болсаңыз, онда «SD-КАРТА: ФОРМАТИРОВАТЬ» (SD-КАРТАСЫ: ФОРМАТТАУ) басыңыз.




6. Процесті аяқтау үшін деректеріңізді жад картасына көшіріңіз.




7. Құрылғыны қайта жүктеңіз.

## SD-картасын ішкі жадтан ажырату

1. Жүйенің баптауларына өтіңіз.
2. «Хранилище» (Қойма) тармағын таңдаңыз.
3. «SD-карта» (SD-картасы) тармағын таңдаңыз, кейін жоғарғы оң жақ бұрышта мәзірді шақыру батырмасын басыңыз ( ⋮ ) және «Портативный носитель» (Портативтік тасымалдағыш) тармағын таңдаңыз.



4. Жад картасындағы барлық деректер жойылатыны туралы ақпаратты оқыңыз және онымен танысыңыз. Егер сіз барлық қажетті файлдарды сақтаған болсаңыз, онда «ФОРМАТИРОВАТЬ» (ФОРМАТТАУ) басыңыз.



## Техникалық сипаттамалар

- Үлгісі: K48.
- Экраны: IPS 8''.
- Ажыратымдылығы: 1920x1200.
- Процессор: Unisoc T310 4 ядролар.
- Жедел жад: 4 Гб.
- Ішкі жад: 64 Гб.
- Сымсыз қосылыстар: 3G, LTE, Wi-Fi, GPS, Bluetooth.
  - Wi-Fi стандарты: IEEE 802.11 b/g/n/ac.
  - Wi-Fi РЖ диапазоны: 2412-2472 МГц, 5150-5350 МГц, 5650-5850 МГц.
  - Wi-Fi таратқышының шығыс қуаты: 15дБм.
  - Bluetooth стандарты: IEEE 802.15.
  - Bluetooth радиожилік диапазоны: 2402-2480 МГц.
  - Bluetooth таратқышының шығыс қуаты: ≤10дБм.
- Фронталды камера: 2 Мп.
- Тыл камерасы: 5 Мп.
- Батарея: 4000 мА·сағ.
- Кіріс кернеуі (адаптер): айнымалы ток 110-240 В, 50/60 Гц.
- Шығу кернеуі (адаптер): тұрақты ток 5В, 2А.
- Операциялық жүйе: Android™ 11.  
Android Google LLC компаниясының тауар белгісі болып табылады.

# Ықтимал ақаулар және олардың шешімдері

- 1. Тіпті ҚҚ қосулы кезде де құрылғы қосылмайды:**  
ҚҚ желіге қосылғанын тексеріңіз.
- 2. Құрылғы экранға және батырмаларға басқанда әсер етпейді:**
  - RESET батырмасы болған кезде оны құрылғыны қайта жүктеу үшін басыңыз.
  - Құрылғыны сөндіру үшін POWER батырмасын 10–15 секунд ішінде ұстап тұрыңыз. Құрылғыны қайта қосу үшін осы әрекетті қайталаңыз.
- 3. Internet-ке кіру мүмкін емес/желінің баяу жылдамдығы:**
  - Құрылғы Wi-Fi желісіне қосылғанына көз жеткізіңіз.
  - Wi-Fi желісінің жұмыс істеу жылдамдығына кіру нүктесінің сигнал күші, арақашықтық және құрылғы мен кіру нүктесі арасындағы кедергілер әсер етеді.
- 4. Қосымшаны арк файлынан орнату мүмкін емес:**
  - арк файлы зақымданбағанына көз жеткізіңіз.
  - Құрылғыны қайта жүктеңіз.
- 5. Бейнефайлдар баяу ойнатылады немесе экранда жаңғырту мүмкін еместігі туралы хабарлама пайда болады:**  
Бейнефайлдың ажыратымдылығы мен форматын сіздің құрылғыңыз қолдайтынына көз жеткізіңіз. Қажет болса, әдеттегі ДК көмегімен бейнефайлды қайта конверсиялаңыз.
- 6. Деректері бар тасымалдағышты оқу мүмкін емес:**  
Тасымалдағыштың дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз.
- 7. Құрылғыда деректер жоқ, бірақ жады туралы ақпаратқа сәйкес көлемі бос емес:**  
Файлдық жүйе зақымдалған. ДК қосыңыз және құрылғыны форматтаңыз.
- 8. Құрылғының қанағаттанарлықсыз жұмысы, өнімділіктің төмендеуі, мерзімді тұрып қалу:**  
Зауыттық баптауларға дейін арылтуды орындаңыз.

**Назар аударыңыздар:** егер жоғарыда аталған шаралар көмектеспесе немесе Сіздің мәселеңіз осы тарауда сипатталмаса, құрылғыны пайдалануды дереу тоқтату және авторизацияланған сервистік орталығына хабарласу ұсынылады.

## Жиынтықтамасы

- DEXR құрылғысы
- Қуаттауға арналған адаптер
- USB-кабель
- Пайдаланушы нұсқаулығы
- Кепілдік талоны

## Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сатып өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы қаптамасында өндірушінің және тұтынушының жылытылатын орынжайларында ауа температурасы 5 °С бастап 40 °С дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 % аспайтын кезде сақталуы тиіс. Орынжайларда тоттануды тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмау керек.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғыны ұқыппен қолдануды талап етеді, оны шаңның, кірдің, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғы ақаулығын анықтаған кезде дереу авторластырылған сервистік орталыққа жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.
- Бұйымның қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін, оны әдеттегі тұрмыс қалдықтарымен бірге лақтыруға болмайды. Мұның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейінгі қайта өңдеу мен кәдеге жарату үшін тиісті электрлік және электрондық жабдықтарды қабылдау орнына кәдеге жарату керек. Осы бұйымды кәдеге дұрыс жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және тиісінше қолданбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін нұқсанның алдын аласыз. Осы бұйымды қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыс қоқысын шығаратын кәсіпорындан ала аласыз.



## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Эпудо (Дунгуань) Диджитал Текнолоджи Ко., Лтд.  
№ 5 Саябақ, Кэюань бесінші тас жолы, Тяньсинь а., Танся, Дунгуань қ., Қытай.  
Қытайда жасалған.

**Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Султан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының келесі техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімдігі».
- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтті жабдықтың қауіпсіздігі туралы».

Тауар ЕАЭО ТР 037/2016 «Электр техника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» Еуразиялық экономикалық одағының техникалық регламенті талаптарына сәйкес келеді.

Айрықшаламалар, өнім туралы ақпарат және оның функционалы пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

**Интернеттегі мекенжай:** [www.dexp.club](http://www.dexp.club)

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

v.2 

# Кепілдік талоны

SN/IMEI: \_\_\_\_\_

Кепілдікке қойылған күні: \_\_\_\_\_

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алған сәттен басталады және тек қана жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес бұйымды пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кесірінен істен шықпаған элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

**Кепілдік міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, тауардың жиынтықтылығына кіретін, төменде аталған керек-жарақтарға қолданылмайды:**

- ҚБП (Қашықтан басқару пультіне) арналған қуат элементтері (батареялар).
- Жалғағыш кабельдер, антенналар және оларға арналған жалғастырғыш тетіктер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; жиынтықта жеткізілетін әртүрлі типтегі ақпарат тасымалдағыштар, бағдарламалық құрал (БҚ) және драйверлер (бұйымның қатты магниттік дискілердегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БҚ-ны қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баулар, монтаждық керек-жарақтар, құрал-саймандар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдары мен бөлшектер.



## **Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерге ие болмайды:**

- Кепілдік мерзімі аяқталды.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей міндетіне сәйкес келмейтін басқа мақсаттарда пайдаланылған болса.
- Өндіруші бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды, қосу ережелерін (бұйымның өзіне де, онымен байланысты бұйымдарға да сәйкес келмейтін желілік кернеудің әсері нәтижесінде туындаған қысқа тұйықталулар), бұйымды сақтау және тасымалдау кезінде өнім иесі және/немесе үшінші тұлғалар шеккен ықтимал материалдық, моральдық және өзге де зиян үшін жауапты болмайды.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: өнімді пайдалану кезінде алынған сызаттар, жарықтар, деформациялар, соққы іздері, майысулар, кептелістер және т.б.
- Түрлендірулерді, рұқсат етілмеген жөндеулерді осындай жұмыстарды жүргізуге уәкілетті емес адамдар жүргізген жағдайлар. Егер ақаулық конструкцияны немесе бұйымның схемасын өзгерту, Өндіруші қарастырмаған сыртқы құрылғыларды қосу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалану салдарынан туындаған болса.
- Егер бұйымның ақауы еңсерілмейтін күштің әсерінен (табиғи элементтер, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге тәуелді емес басқа жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмаған үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаса. Бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына алып келген бұйымның ішіне бөгде заттардың, өзге денелердің, заттектердің, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың түсуінен, агрессивті ортаның әсерінен, жоғары ылғалдылықтан, жоғары температуралардан туындаған ақау.
- Бұйымды сәйкестендіру (сериялық нөмірі) жоқ немесе сәйкес келмейді. Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық қамтаманың; БҚ ұсынушысының осы қызметті ұсынбауына байланысты мүмкіндігінсіз бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына әкеп соққан құпиясөздерді (кодтарды) оларды жинау/қалпына келтіру мүмкіндігінсіз орнату, ауыстыру немесе жою әсерінен туындаса.
- Егер жұмыстың ақаулықтары қуат беруші, кабельдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттеріне сәйкес келмеуінен, оның ішінде бедер ерекшеліктерінен және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымның желі әрекет ететін шекарада немесе аймақтан тыс жерде пайдаланылуынан туындаған болса.
- Егер зақымданулар стандартты емес (түпнұсқалық емес) және/немесе сапасыз (зақымданған) шығыс материалдарын, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат беру элементтерін, әртүрлі үлгідегі ақпарат тасымалдағыштарды (CD, DVD дискілерді, жад карталарын, SIM карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаса.
- Егер кемшіліктер үйлесімсіз контентті (әуендерді, графиканы, бейне және басқа файлдарды, Java қосымшаларын және оларға ұқсас бағдарламаларды) алуға, орнатуға және пайдалануға байланысты туындаған болса.
- Осы бұйыммен жанасып жұмыс істейтін басқа жабдыққа келтірілген залалға.











